

«Бекітемін»



Т. Рысқұлов ауданы
әкімінің орынбаеары

Қ.Исмаил

2025 жыл

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне «Инабатты ару» атты қыз сыны
байқауының
ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

Жастар арасында қазақ халқының төл мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу, «Қызға қырық үйден тыйым», -демекші қыз баланың инабаттылығын, парасаттылығын осы байқау арқылы көрсету. Ұлттың уызын, нәрін, сәнін бойжеткендеріміздің бойынан табу, эстетикалық тәрбие беру арқылы көпұлтты еліміздің татулығы мен туысқандығын, тілі мен мәдениетін, дүниетанымын құрметтеуге шақыру. Қыз баланың тәрбиесіне баса назар аударуды міндеттейтін ұлттық құндылықтарымызды жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өтеді.

II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. Байқауға 16-20 жас аралығындағы аудан жастары қатыса алады.
2. Қатысушы үміткер халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, әдебиет пен мәдениетін білуі міндетті.

Сонымен қатар байқауға қатысушы үміткер:

- ✓ 16 жастан жоғары, бойы 160 см кем емес ;
- ✓ Табиғи бұрымды және боямасыз бейне дидарлы;
- ✓ Сахнадағы сөйлеу мәнері, әдептілігі мен сахна мәдениеті;
- ✓ Сымбаты сәніне жарасымды, білімі көркіне сай болуы тиіс.

I бөлім «Сымбаты мен сыры жарасқан»

Бұл бөлімде үміткер өзін таныстырады. Таныстыру барысында үміткер ұлттық бейнесін, сахналық сән-сымбатын, қазақ қызына тән әдептілігін көрсетеді. Берілетін уақыт 3 минут.

II бөлім «Сұрақ - жауап»

Бұл бөлімде үміткер ұйымдастырушылар ұсынған қазақтың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы бойынша сұраққа жауап береді. Берілетін жалпы уақыт 2 минут.

III бөлім «Қыз өссе, елдің көркі»

Сахналық ұлттық өнері. Бұл бөлімде арулар халқымызға тән өнер түрлерін (ән, би, көркем сөз оқу т.б.) көрсетеді. Берілетін уақыт 4 минут.

V. БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Байқау жеңімпаздарына жүлделі орындар мен бағалы сыйлықтар:

- *Бас жүлде* – «Инабатты ару» атағы;
- *I орын* жүлдесі ;
- *II орын* жүлдесі;
- *III орын* жүлдесі.

Арнайы номинациялар бойынша дипломдар табыс етіледі.

VI. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-сі.

VII. Байқауының өтетін орны мен мерзімі

Байқау 2025 жылдың 6 наурыз күні сағ 11:00 де М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінде өткізіледі.

Байқауға қатысу үшін өтініштер 2025 жылдың 3 наурызына дейін мына мекен-жай бойынша қабылданады: Құлан ауылы, Жібек жолы №106, «Жастар ресурстық орталығы» КММ, немесе jro_ryskulov@mail.ru электронды мекен жайында қабылданады (Өзгерістер қосымша хабарланады).

Анықтама және қосымша мәліметтер үшін:

Тел.: 8 777 382 00 01 Руслан
8 708 583 18 19 Нартай

Ұйымдастыру комитетіне

2025 жылғы 6 наурыз күні М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінде өтетін аудандық «Инабатты ару» байқауына үміткер ретінде қатыстыруыңызды сұраймын.

Аты жөні, тегі: _____

Жасы, бойы: _____

Туған күні, айы, жылы: _____

Тұрғылықты мекен-жайы: _____

Оқу, жұмыс орыны: _____

Байланыс телефоны, WhatsApp номері: _____

Қосымша ақпарат/ жетістіктері: _____

/Мекеме басшысы/

/мөрі/

/қолы/